

# КӨПКЕ ҰМТЫЛҒАН ЖАЛҒЫЗ. ӘЛЕУМЕТТІК ПСИХОЛОГИЯҒА КІРІСПЕ

Әлеуметтік психологиядағы  
эксперименттің қиындығы

6-тарау. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім.  
Әлеуметтік психология ғылымы



## Қадағалау мен ықпалдың арасы

Экспериментке қатысты шаруалардың қиындықтары жетерлік. Оны жасаудың өзіне тән осал тұстары да бар. Мәселен, экспериментке қатысқан адамға үнемі бақылау жүргізу мүмкін емес.

Қадағалаудың тағы бір кемшілігі – адамдар бір-біріне ұқсамайды. Әлеуметтік психологтар адамдардың дағдысы туралы кесімді пікір айтуға тырысады. Біздің мұндағы меңзеп отырғанымыз – белгілі бір жағдаят, оқиға кезінде көпшілікке тән іс-әрекет, мінез-құлық. Адамдардың бір-бірінен айырмашылығы зерттеу барысында мәлім болған күннің өзінде, біз барша адамзат туралы жалпылама қорытынды шығара алмаймыз.

Қарым-қатынас, мінез-құлық, қабілет-қарым ерекшеліктері, сондай-ақ, таяу арада басынан өткерген жайттар адамдардың эксперимент кезіндегі іс-әрекетіне әсер етуі мүмкін. Сынақ барысын қадағалауда ұстауға шамамыз жеткен күннің өзінде де, айналадағы, ортадағы құбылыстар әр адамға әртүрлі әсер ететіндіктен, белгілі бір жағдайда экспериментке қатысушының өзін қалай ұстайтынына кепілдік бере алмаймыз. Егер қатысушылар тәжірибені қызық әрі тартымды деп таппаса, айтқанымыздың бәрін орындай қоюы екіталай. Соның салдарынан зерттеу нәтижесіне нұқсан келеді. Бұдан шығатын қорытынды – экспериментте қадағалаудың да үлкен мәні бар, сол сияқты қатысушылардың ынта-ықыласы да үлкен рөл атқарады. Олар экспериментті шын көңілімен қабылдап, өздерінің мінез-құлықтарына қатты әсер етпейтін деңгейде жүргізіліп жатқан тәжірибелік сынақтарға белсене қатысуы қажет. Әлеуметтік психологтарды қинайтыны – осындай қос фактордың, яғни ықпал мен қадағалаудың арасындағы қайшылық. Бұлардың біреуі күшейсе, екіншісі бәсеңдейді. Қадағалауды да босаңсытпау керек. Қатысушылардың да белсенділігі еш төмендемеуі тиіс. Осындай тепе-теңдікті сақтауға келгенде, эксперимент жасаушылар қатты қиналады.

## Реализм

Алдыңғы дәрістерде «Зертханалық тәжірибе шынайы өмірмен қабыспайды, яғни шыншыл емес» деген сыни пікірлер жиі айтылатынын еске салып едік. Тәжірибеге қатысты айтылған «шыншыл» деген сөздің мәнін қалай түсінеміз? Осыдан бірнеше жыл бұрын эксперимент әдісі туралы ғылыми трактат жазу барысында Меррилл Карлсмит және автор «шыншыл» ұғымының анықтамасын нақтылауға тырыстық. Олардың пайымдауынша, эксперимент екі жағдайда шындыққа негізделуі мүмкін: егер эксперимент тәжірибеге қатысушылардың көңілінен шықса, олар бұл іске мұқият қарап, тәжірибелік жұмыстарға белсене қатысар еді. Ғалымдардың тілімен айтқанда мұны эксперименттік реализм дейді. Осы ретте «Зертханалық тәжірибе нақты өмірде болып жатқан жағдайларға қаншалықты ұқсас?» деген сұрақ туады. Карлсмит және Аронсон мұны дүнияуи реализм деп атады.

Эмпирикалық реализм мен дүнияуи реализм – екі бөлек ұғым. Бұлардың айырмашылығын жете түсінбегендер: «эксперименттер жасанды әрі пайдасыз, өйткені өмір шындығымен қабыспайды» деген сын айтып жатады.

## Алдау

Эксперименттік реализмнің мән-маңызы тым асыра бағалануы мүмкін. Оның өзіне тән ерекшелігін көрсетудің ең төте жолы – қатысушыларға тартымды әрі қызықты орта қалыптастыру. Бір ескеретін жай, зерттеудің түпкі мақсатын жария етпеген дұрыс. Бұл не үшін қажет?

Бұл тұрғыда әлеуметтік психологтарды фильм түсіру алаңына басшылық ететін, бірақ актерлерге фильмнің не туралы екенін ашып айтпайтын режиссермен салыстыруға болады. Мұндай ортаны немесе ахуалды әпсана дейміз. Тәжірибе кезінде қатысушылар мінез-құлқының қай қыры зерттеу нысанына айналғанын сезбеуі тиіс. Сонда олардың іс-әрекеті шынайы болады. Мұндай орта эксперименттік реализмді қалыптастыру үшін пайдаланылады.



## Этика мәселелері

Алдауға жүгіну, бәлкім, адамдардың аса шиеленісті және маңызды жағдайлар кезіндегі мінез-құлқы, іс-әрекеті туралы мәлімет алудың ең төте жолы шығар, алайда осы тұста экспериментші үшін бірқатар маңызды этикалық мәселелер туындайды. Бұл орайда үш негізгі мәселені атап көрсетуге болады:

Адамдарды өтірік айтып, алдау – нағыз бейәдеп қылық. Бұл мәселе Уотергейт ісінен кейін тіпті ушығып кетті. Мемлекеттік агенттіктердің заңсыз жолмен тың тыңдағаны, президенттердің өзін сайлаған халыққа беттері бүлк етпей өтірік айтқаны, президент төңірегіндегі қызметкерлердің небір лас тірліктер жасап, жалған хаттар жазып, жалған құжаттар толтырғаны – бәрі-бәрі әшкере болды. Осы былықтан кейін әлеуметтік ғалымдар алдап-арбауға құрылған әрекеттерді қалай ақтап алады?

Мұндай алдап-арбау жеке өмірге қол сұғуға әкеп соғады. Қатысушылар жүргізушінің нені зерттегелі жатқанынан бейхабар болса, саналы түрде келісім бере алмайды. Мысалы, Эштін эксперименті. Егер Эш олардың түйсініп, шешім қабылдауын емес, көнбістігін зерттейтінін алдын ала білгенде, кей студенттер қатысуға келісім бермес еді.

Эксперимент барысында ауыру, зерігу, ашулану сияқты жағымсыз сезімдер болуы мүмкін. Тіпті, эксперимент барысында этика мәселесі де алдыңыздан шығуы мүмкін. Кейде өз ісіне мұқият, қамқор ниетті экспериментшінің ешкімге зиянсыз рәсімінің өзін кейбір қатысушылар басқаша қабылдап, көңіліне алып қалуы ғажап емес.

Зерттеушілер мұқият жоспарласа да, не болатынын оңай елестете алмайтын қатысушыларға сынақ қатты әсер етеді.

Эксперимент жасайтын әлеуметтік психологтар этикалық мәселелерге қатты алаңдайды. Өйткені олардың жұмысы этикалық дилеммалар төңірегінде атқарылады. Аронсон түсіндіріп өткендей бұл дилемма психологтардың басым бөлігі мойындайтын, бір-біріне қарама-қарсы екі құндылыққа негізделген. Бір жағынан, олар тегін ғылыми зерттеудің құндылығына сенеді. Екінші жағынан, олар адамдардың ар-абыройы мен олардың жеке өмірінің дербес құқықтылығына да сенеді.

Кейбір эксперимент тәсілдері көңілде түйткіл туғызатыны анық. Жалпы, алдау араласқан эксперименттердің қатерлі тұсы көп. Өйткені қанша жерден шындықты ашуға қызмет етеді. Дегенмен өтірік айту абырой әпермейді. Сондай-ақ, ауырту, ұялу, кінәлі сезіну т.б. сезімдерге қозғау салу, түптеп келгенде, этика мәселелеріне байланысты қиындықтарға ұрындырады.

Өзін-өзі танудың терапевтік және ағартушылық пайдасы бар деп айта аламыз. Расында, экспериментке қатысушылардың көпшілігі осы көзқарасты ұстанады. Әйтсе де, бұл жағдай біз сөз етіп отырған экспериментті ақтап ала алмайды. Әрі-беріден соң, эксперимент жасаушы мұндай тәжірибенің емдік әсері барын алдын ала қалай біледі? Оның үстіне, адамдардың келісімін алмай, оларға емдік шаралар жүргізуге хақым бар немесе біліктілігім жетеді деу ғалым атына сын болар еді.

Аронсон екі пікірді де қолдамайды. Оның ойынша, әлеуметтік психология өте маңызды, бірақ экспериментке қатысушылардың денсаулығы әрқашан қорғалуы керек және олардың ар-намысы мен абыройына ешқандай нұқсан келмеуі тиіс. Эксперимент рәсімі этикаға сай ма, жоқ па? Оны тексерудің ең төте жолы – пайдасы мен зиянын саралау. Дәлірек айтар болсақ, «Эксперимент жасау арқылы нендей жақсы нәрсеге қол жеткізе аламыз? Қатысушыларға қандай нұқсан келуі мүмкін?» деген мәселелерді жан-жақты ойластыру қажет. Басқаша айқанда, ғылым мен қоғамға келетін пайда мен қатысушыларға келетін зиян таразы басына қойылып, соған қарай шешім қабылдануы тиіс. Өкінішке орай, мұндай салыстыру жасау – қиынның қиыны, өйткені эксперимент қарсаңында ненің пайдалы, ненің зиян екенін дөп басып айту мүмкін емес.

Әлеуметтік психологтар қандай да бір экспериментке қатысты нақты байламға келу үшін оның пайдасы мен зиянын асықпай екішеп алуы тиіс. Студенттерге әлдебір экспериментті қалай ұйымдастыруды ойластырған кезде, Аронсон төмендегідей бес кеңес беріледі:

1. Адамға ауыр тиетін немесе ыңғайсыз процедураларды шама келгенше айналып өткен жөн. Болжамның дұрыс-бұрыстығын тексеру кезінде ыңғайсыздық тудыратын жағдайлар туындауы мүмкін;

2. Тәжірибе жүргізушілер қатысушылардың жағдайын ойлауы тиіс. Олардың экспериментке қатысуға ыңғайсызданатынын сезген жағдайда тәжірибелік сынақтан босату керек.



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы  
Дәріс: 25. Әлеуметтік психологиядағы эксперименттің қиындығы

3. Эксперимент жасаушылар алдаусырату әдісіне балама болатындай басқа да жолдарды іздестіруі тиіс. Егер ондай жол табылса, соны пайдаланғаны жөн;

4. Әр тәжірибе сессиясы аяқталғаннан кейін, тәжірибе жүргізуші қатысушыларға тәжірибе барысын, оның түпкі мақсатын, алдаусырату әдісіне не себепті жүгінгенін, тәжірибелік сынақтар кезіндегі қолайсыз жағдайлардың себебін егжей-тегжейлі түсіндіріп, түсінбестіктен туындайтын жайлардың алдын алғаны дұрыс. Бір сөзбен айтқанда, тәжірибеге қатысқан адамдарды ренжітіп алмауы керек. Қатысушылар эксперименттен соң көңілдері көтеріңкі, өздеріне, сомдаған рөлдеріне риза болып кетуі қажет. Кез келген адал, ақкөңіл экспериментші әр қатысушымен сөйлесуге уақыт тауып, ықылас-ниетін білдіреді. Оларға ғылыми-бауырластық жұмысына қосқан үлесі үшін алғыс айтуды да ұмытпайды;

5. Экспериментші зерттеу барысында алдаусырату әдісін қолдануға, қатысушыларды ыңғайсыз жағдайға қалдыруға әуестенбегені дұрыс. Зертханалық жұмысты бастар алдында, тәжірибенің өзектілігіне, яғни көп көкейінде жүрген сұрақтың жауабын іздеп жатқанына әбден көз жеткізіп алғаны абзал. Содан соң зерттеу жұмысы кезінде барынша ұқыпты болуы тиіс.

Әлеуметтік психология саласында тәжірибе жасаушылар қатысушылардың сұраныс-талабына мейлінше сергек қарауға тырысады. Алайда тәжірибенің көпшілігінде ыңғайсыз сәттер кездеспей тұрмайды. Мұндай процедуралардың басым бөлігінде қатысушыларды қорғайтын сақтық шаралары ескеріледі.

Милграм жалпылама әсерден гөрі қатысушыларды қызықтыратын әрі пайдалы нәрсеге айналдыру үшін осы экспериментті жасауға көп еңбек сіңірді. Сол еңбегінің арқасында зор жетістікке жеткені де рас.

Тәжірибеден кейін бірнеше апта өткен соң, қатысушылардың 84 пайызы осы зерттеуге үлес қосқандарына риза екенін айтты, 15 пайызы бейтарап қалды, тек 1 пайызы ғана бұл тәжірибеге қатысқанына өкінетін болып шықты. Келесі зерттеу бұдан да сенімді дәлелді алға тартады: эксперименттік бағдарлама тәмамдалғаннан кейін, бір жылдан соң университет психиатры кездейсоқ әңгімелескендей болып, қатысушылардың бір тобымен сұхбаттасқан еді.

Онымен әңгімелескендердің ешқайсысы эксперимент туралы теріс пікір білдірмеген, керісінше, көбісі: «зерттеуге қатысқанымыздың арқасында біраз нәрсе үйрендік әрі рухани байыдық» деп жауап берген.

## Қатысушыларға парыздармыз

Бұл дәрісте автор тәжірибе әдісінің артықшылықтарына тоқталып, әлеуметтік психология саласында зертханалық экспериментті жобалау қаншалықты қиын, күрделі екенін көрсетті. Сондай-ақ, қиындықтарды еңсерген кездегі көңіл толқынысын да жасырмады және эксперименттерге қатысушылардан үйренетініміз көп екенін айта келіп, оларға қамқорлық жасау мәселесіне тоқталды. Осы кітаптың алғашқы сегіз тарауында кеңінен сөз болған білім беру және ақпарат саласына қатысты. Сондай-ақ, адамзаттың әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы, жүріс-тұрысы жөніндегі ой-пікірлері дүниенің әр түрлеріндегі зертханаларда өздерінің болмыс-табиғатына үңілуге мүрсат берген мыңдаған жандардың арқасында көңілге түйген тұжырымдар екенін жасырмайды. Біз оларға қарыздармыз. Түптеп келгенде, адамзаттың күрделі болмысы жайлы түсінігіміз тәжірибелерге қатысып, әлеуметтік психология ғылымына үлес қосқан жандардың абыройына нұқсан келтірмейтіндей, жан-жақты қадағалаумен жүзеге асатын тиімді зерттеу амалдарын ойлап табудағы тапқырлығымызға да тікелей байланысты екенін атап өту керек.

## Ғылыми табыстарымызды теріс пиғылға пайдаланса ше?

Тағы да бір этикалық мәселе бар: бұл – зерттеуші ғалымдардың моральдық жауапкершілігіне қатысты. 5-дәрісте өзін-өзі сендіру, іштей түйсіну тәсілдерін талқыладым және одан кейінгі тарау-



Кітап: Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеуметтік психологияға кіріспе  
Тарау: 6. Ұнату, жақсы көру және тұлғааралық сезім. Әлеуметтік психология ғылымы  
Дәріс: 25. Әлеуметтік психологиядағы эксперименттің қиындығы

ларда аталмыш тәсілдерді қолдану жолдарына тоқталдық. Іштей түйсіну – өте ықпалды күш, өйткені іштей бір байламға келген жан оған не әсер еткенін тап басып айта алмайды. Олар белгілі бір жайттың ақиқат екеніне немесе «Иық» Джо біреудің сендіруі арқылы емес, өздерінің іштей түйсіну, саралауы арқылы келді. Бір ғажабы, көп жағдайда олар бұл сенімге неге, қалай келгенін білмейді. Бұл осы құбылыстың ықпалды ғана емес, сонымен қатар, үрейлі екенін көрсетеді. Мәселен, мен Х туралы түсінігім қалай қалыптасқанын жақсы білем, сондықтан ойымды оңай өзгерте аламын. Егер бәрі керісінше болып, бар-жоғы Х-тің рас екенін білумен ғана шектелсем, қанша жерден оны терістейтін дәлел табылса да, сол соқыр сенімнің құрсауынан шыға алмай қаламын.

Автор айтқан әдіс-тәсілдерді қолданып, адамдар тістерін жіппен тазалай алады. Осы механизмнің көмегімен әлсіздерге әлімжеттік жасауды тоқтатуға, азап ауыртпалығын азайтуға болады. Осы механизмнің көмегіне сүйеніп, көршіңмен де тату-тәтті бола аласың. Бұл әдіс-тәсілдің тиімділігін көп адам байқап жүр. Әйтсе де, бұның пайдасы қандай болса, зияны да сондай. Осы механизмнің көмегімен адамдарды ұршықша үйіріп әкететінің өз алдына, айтқаныңа көндіріп, айдағаныңа жүргізуің де ғажап емес. Зияны деп отырғанымыз – осы.

Аталмыш механизмді адамдарды тіс пастасының белгілі бір брендін сатып алуға немесе тек белгілі бір саяси үміткерге дауыс беруге көндіру үшін пайдалануға болады. Саяси технологтар, үгіт-насихатшылар мен алыпсатар саудагерлердің дәурені жүріп тұрған мына заманда, әлеуметке әсер етудің ықпалды тәсілдерін қолдану адамгершілікке қайшы емес пе?

Автор әңгіме етіп отырған құбылыс таңдай қақтырарлық жаңалық емес. Әрі-беріден соң Лаундри мырзаның «Мальбороға» тәуелді болып қалуына, аларманды алдап-арбау амалдарының пайда болуына әлеуметтік психологтің қатысы жоқ. Лейтенант Каллиді Вьетнамдағы бейбіт халықтың қойдай қырылуын ақтап алуға да итермелеген – әлеуметтік психолог емес. Ол мұны өз қалауымен жасады. Әлеуметтік психологтар осындай құбылыстың астарына үңіліп, жер бетінде адамзат ізі пайда болғалы әлемде күн сайын болып жатқан оқиғаларды бағалап отырады. Олар сіздерді осындай құбылыстардың сырына үңіліп, адастырмас дұрыс жол табуыңызға көмектесіп қана қоймай, ағат қылықтардан да сақтандырады. Әлеуметтік психолог ретінде, астарына үңілген ерекше құбылыстар біздің топырағымызға тән болмауы мүмкін. Бұл бізді моральдық жауапкершіліктен босатпайды. Біз зерттеулер арқылы осы құбылыстардың астарын ашып, бір жүйеге түсіреміз. Қолданысқа лайықтаймыз. Адамдар осы айтылған әдіс-тәсілдерді өзінше дамытып, өз мақсатына пайдалануы ықтимал. Мұндай әдіс-тәсілдер демоогтардың қаруына айналса, Оруэлл суреттегендей, қоғамды сансыратып жіберуі мүмкін. Әлеуметтік психологтардың мойнындағы жауапкершілік жайында ақыл-насихат айтуға аса құлықты емеспіз. Қысқаша айтқанда, автордың мақсат-мүддесі – қоғам мүшелерін осы айтылған әдіс-тәсілдерді қалай пайдалануға болатынына үйрету. Ашығын айтқанда, автор үшін бұдан қызық, бұдан маңызды іс жоқ.